2025. 12 (4)

# Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)
*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Журнал сайты: https://ajspiie.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

## БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan) —** археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)
**Аширов Адхамжон Азимбаевич —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)
**Әбіл Еркін Аманжолұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
**Әлімбай Нұрсан —** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнологияинститутының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Вернер Кунтhиа (Werner Cynthia) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)
**Көкебаева Гүлжауhар Какенқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)
**Кригер Виктор (Kriege Viktor) —** тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)
**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) —** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)
**Сабурова Татьяна —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)
**Муминов Әшірбек Құрбанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениетғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)
**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы –** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

## ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы —** тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

## ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих жәнеэтнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы —** Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

## ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Копеева Сания Жуматайқызы —** магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.
*Адрес редакции и издательства:*
050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28
РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Сайт журнала: https://ajspiie.com

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)
**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)
**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)
**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)
**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)
**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)
**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)
**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)
**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür AraştırmaMerkezi. (Турция)
**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет. (Литва)
**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)
**Таймагамбетов Жакен Кожахметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института историии этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).
**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Founder and publisher*: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.
*Editorial and publisher address:*
28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan
RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Journal website: https://ajspiie.com

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

## EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

## EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK.(Kazakhstan)
**Alimbay Nursan —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History andEthnology. (Kazakhstan)
**Azimqulov Javohir —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)
**Diener Alexander** – Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)
**Ismagulov Orazak Ismagulovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)
**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)
**Kriege Viktor —** Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)
**Morrison Alexander —** PhD, Professor, University of Oxford. (UK)
**Muminov Ashirbek Kurbanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for IslamicHistory, Art and Culture. IRCICA (İslвm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)
**Ohayon Isabelle —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)
**Outram Alan —** Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)
**Rimantas Želvys —** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)
**Saburova Tatiana —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)
**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)
**Werner, Cynthia —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

## EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna —** Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of Historyand Ethnology (Kazakhstan).

## ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of Historyand Ethnology. (Kazakhstan)
**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly —** researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## TECHNICAL SECRETARY

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna —** Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 4, pp. 1177-1189, 2025
Journal homepage: https://ajspiie.com

FТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_4_1177-1189

# PERSONAL FILE – AS A SOURCE FOR STUDYING THE PROBLEM OF RESEARCHING KAZAKH PRISONERS OF WAR IN THE STUTTHOF CONCENTRATION CAMP (BASED ON THE EXAMPLE OF A. BELOZAROV'S PERSONAL FILE)

*Sissenbayeva Aliya Amangalykyzy*[1], *Kalybekova Manara Chaltenovna*[2]

[1]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
2nd year doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University
https://orcid.org/0000-0002-5299-8250. E-mail: 20aliya.sysenbaeva@mail.ru

[2]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
https://orcid.org/0000-0001-5194-6136. E-mail: 20k.manara@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch., 2025

**Abstract.** *Introduction.* During the Second World War, Poland became one of the centers of concentration camps in Germany, where millions of Soviet people, including Kazakhstanis, were held captive. Due to insufficient documentation and study of the fate of Kazakhstani prisoners of war, the names and fates of many of them remain unknown. *The purpose and objectives* of the study are to study the personal files of prisoners of war and identify Kazakhstanis who were held captive in German concentration camps in Poland, in particular in the Stutthof concentration camp, as well as to analyze documents in the personal files of prisoners of war. This article attempts to analyze, using the example of a Personal File on A. Belozarov, what determines their daily life in concentration camps and the preservation of their civic identity, and how their destinies fit into the broader context of World War II. *Results.* This study is aimed at uncovering a complex and multifaceted topic concerning the fate of Kazakhstanis in concentration camps in Poland, which is conducted with a deeper understanding of not only the historical but also the cultural aspects of this period. Information about the Stutthof concentration camp is provided, and documents in the Personal file of Anatoly Belozarov, a native of Kazakhstan, who died in captivity, are analyzed. *Conclusion.* The main part of the work is devoted to the analysis of archival data on the personal files of Kazakh prisoners of war, which will allow us to reflect in more detail the fate of each prisoner in the concentration camps of Germany in Poland.
**Keywords:** The Great Patriotic War, Kazakhstani prisoners of war, the Stutthof concentration camp, personal file, file cabinet

**For citation:** Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. Personal file – as a source for studying the problem of researching kazakh prisoners of war in the stutthof concentration camp (based on the example of A. Belozarov's personal file) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 4. Pp. 1177–1189. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1177-1189

# ЖЕКЕ ІС – ШТУТТГОФ КОНЦЛАГЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ (А. БЕЛОЗАРОВТЫҢ ЖЕКЕ ІСІ МЫСАЛЫНДА)

*Сисенбаева Алия Амангалиқызы[1], Калыбекова Манара Чальтеновна[2]*

[1]Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 2 курс докторанты
https://orcid.org/0000-0002-5299-8250. E-mail: 20aliya.sysenbaeva@mail.ru

[2]Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты
https://orcid.org/0000-0001-5194-6136. E-mail: 20k.manara@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025
© Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., 2025

**Аңдатпа**. *Кіріспе.* Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Польша аумағы Германияның концлагерьлер жүйесін шоғырландыру орталықтарының біріне айналды, онда миллиондаған совет адамдары, соның ішінде қазақстандықтарда тұтқында болды. Қазақстандық әскери тұтқындарының тағдыры туралы құжаттардың толық болмауы, олардың есімдері мен жеке өміріне қатысты көптеген мағлұматтардың белгісіз тұстары сақталып отыр. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері* – әскери тұтқындардың жеке істерін зерделеу және Польша аумағындағы Германия концлагерьлерінде, атап айтқанда Штуттгоф концлагерінде тұтқында болған қазақстандықтарды анықтау, сондай-ақ әскери тұтқындардың жеке ісіндегі құжаттарды талдау. Автор бұл мақалада А. Белозаровтың жеке ісін қарастыра отырып, концлагерьлердегі тұтқындардың күнделікті өмірін және азаматтық бірегейлігін сақтауды және олардың тағдырлары Екінші дүниежүзілік соғыстың кең контекстіне қалай сәйкес келетінін анықтайды. *Нәтижелер.* Осылайша, бұл зерттеуде Польша аумағындағы концлагерьлеріндегі қазақстандықтардың тағдырына қатысты күрделі және көп қырлы тақырыпты ашуға бағытталған, бұл осы кезеңнің тек тарихи ғана емес, мәдени аспектілерін де тереңірек түсіну арқылы жүргізіледі. Штуттгоф концлагеріне қатысты анықтама беріліп, қазақстандық Анатолий Белозаровтың тұтқында қаза табуы жөніндегі құжаттар сараланады. *Қорытынды.* Жұмыстың басым бөлігінде Германияның Польша аумағының концлагерьлеріндегі жеке тұтқындар тағдырын толығырақ көрсетуге мүмкіндік беретін, қазақстандық әскери тұтқындардың құжаттық істері бойынша архив деректерін талдаудан өткізеді.

**Түйін сөздер:** Ұлы Отан соғысы, қазақстандық әскери тұтқындар, Штуттгоф концлагері, жеке іс, картотека

**Дәйексөз үшін:** Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч. Жеке іс – штуттгоф концлагеріндегі қазақстандық соғыс тұтқындарын зерттеу мәселелерінің дерек көзі ретінде (А. Белозаровтың жеке ісі мысалында) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. 1177–1189 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1177-1189

# ЛИЧНОЕ ДЕЛО – КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ КОНЦЛАГЕРЯ ШТУТТГОФ (НА ПРИМЕРЕ ЛИЧНОГО ДЕЛА А. БЕЛОЗАРОВА)

*Сисенбаева Алия Амангаликызы*[1], *Калыбекова Манара Чальтеновна*[2]

[1]Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Докторант 2 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби
https://orcid.org/0000-0002-5299-8250. E-mail: 20aliya.sysenbaeva@mail.ru

[2]Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук
https://orcid.org/0000-0001-5194-6136. E-mail: 20k.manara@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., 2025

**Аннотация.** *Введение.* В годы Второй мировой войны Польша стала одним из центров сосредоточения системы концлагерей Германии, где содержались в плену миллионы советских людей, в том числе и казахстанцы. Из-за недостаточного документирования и изучения судеб казахстанцев военнопленных, имена и судьбы многих из них остаются неизвестными. *Цель и задачи исследования* – изучение личных дел военнопленных и выявление казахстанцев, которые находились в плену в концлагерях Германии на территории Польши, в частности в концлагере Штуттгоф, а также анализ документов, находящийся в личном деле военнопленных. В данной статье делается попытка анализа на примере одного Личного дела на А. Белозарова, что определяет их повседневную жизнь в концлагерях и сохранение гражданской идентичности и как их судьбы вписываются в более широкий контекст Второй мировой войны. *Результаты.* Данное исследование направлено на раскрытие сложной и многогранной темы, касающейся судеб казахстанцев в концлагерях на территории Польши, которая проводится с более глубоким пониманием не только исторических, но и культурных аспектов этого периода. Дается справка о концлагере Штуттгоф, анализируются документы в Личном деле уроженца Казахстана Анатолия Белозарова, который будучи в плену погиб. *Вывод.* Основная часть работы посвящена анализу архивных данных личных делах военнопленных-казахстанцев, что позволит более детально отразить судьбу каждого заключенного в концлагерях Германии в Польше.
**Ключевые слова:** Великая Отечественная война, казахстанцы-военнопленные, концлагерь Штуттгоф, личное дело, картотека
**Для цитирования:** Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч. Личное дело – как источник изучения проблемы исследования военнопленных казахстанцев концлагеря штуттгоф (на примере личного дела А. Белозарова) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. С. 1177–1189. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1177-1189

## Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Совет Одағы үшін тұтқынға түскен әскерилер өз «Отанын сатқандар» деп саналды. Қызыл әскердің Жоғарғы Бас қолбасшылық Ставкасының 1941 жылдың 16 тамыз айындағы № 270 бұйрығы бойынша «Қорқақтық және тұтқынға берілген әрекеттері үшін және осындай жағдайлардың алдын алу туралы» құжатында нақты көрсетілді (Құжат, 1941: 476). Олар туралы ақпарат құпия түрде сақталды. Сондықтанда Советтік кезеңде бұл тақырып зерттеу мүмкін болмады. Дегенмен, Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеген КОКП-ның XX (1956 жылғы 14–15 ақпан) съезінен кейін

Екінші дүниежүзілік соғыстың, оның ішінде тұтқындар тарихы туралы зерттеулер жүргізуге серпіліс берді. Алайда, тұтқындар тарихын терең зерттеу коммунистік идеология номенклатуралық билік кезінде мүмкін емес еді. Ұзақ жылдардан кейін 1985 жылы басталған қоғамдық қайта құру және демократияландыру кезеңінде концлагерлердегі тұтқындар туралы айтыла бастады. Архив құжттарының қол жетімді болуы зерттеушілерге тұтқындардың лагерлердегі жағдайы мен тағдырын зерттеуге мүмкіндік тудырды және осы кезең бойынша түрлі мәселелерге қызығушылық өзектілігін арттырады.

Әскери тарихта аз зерттелген тақырыптардың бірі тұтқындалу мен репатриация мәселелері кең және ауқымды тақырып болып табылады. Қазақстандық әскери тұтқындар мәселесін кеңестік әскери тұтқындарының бір бөлшегі ретінде қарастырылу керек. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға алынған кеңес сардарлары мен сарбаздарының саны жағынан салыстырмалы түрде ауқымы кең болғанын атап өткен дұрыс. Олардың тағдыры өте қайғылы жағдайда болды. Тұтқындар мәселесін зерттеу аясында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы кеңестік әскери тұтқындар мысалында зерттелетін кезеңде зардап шеккендердің ең көп санаты ретінде қарастырамыз. 2025 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толды. Осы жылдар ішінде соғыс тақырыбы жан-жақты талқыланып келеді. Соның ішінде, тұтқындар мәселесі өзекті болып отыр. Соғыс тұтқынсыз болмады. Әрбір тұтқынға түскен әскердің тағдыры оңай емес еді. Осындай оқиғалардың қатарында қазақстандық тұтқындардың рөлі де аз емес. Әсіресе, Германия 1939 жылы жаулап алған Польша аумағындағы концлагерьлерде қазақстандық тұтқындар тарихы әлі зерттелмеген тақырыптардың бірі.

Зерттеу тақырыбы аясында Штуттгоф лагерінің тұтқыны болған А. Белозаровтың жеке ісі қарастырылады. Осыған байланысты, тақырыпты зерделеудің бірнеше аспектілерін атап өтуге болады. Біріншіден, тұтқынның жеке іс құжаты – соғыс жылдарындағы оқиғалар мен тұлғалардың тағдырын анықтауда маңызды дереккөз болып табылады. А. Белозаровтың жеке ісін зерттеу арқылы оның өмір жолы, тұтқынға түсуі, қайтыс болуы сияқты құжаттармен толықтырылып, бұл тарихи шындықты дәлелдеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, жеке іс арқылы тұтқындардың өмір жағдайы, олардың қатыгездік пен ауыр еңбекке мәжбүрлеуі жағдайы арқылы бұл зерттеу соғыс тұтқындарының адамгершілік мәселелерін, олардың қайғылы тағдырын тереңірек түсінуге септігін тигізеді. Үшіншіден, А. Белозаровтың жеке ісін зерттеу арқылы архивтік құжаттарды жүйелеу, талдау әдістері жетілдіріліп, болашақта басқа да дереккөздерді пайдалану тәжірибесі қалыптасады. Төртіншіден, тұтқындардың тағдырына қатысты нақты деректер қоғамда тарихи әділдікті қалпына келтіруге және ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Осылайша, жеке іс-деректерді зерттеу – қазақстандық соғыс тұтқындарының тарихын жан-жақты ашуға және отандық тарихшылардың зерттеу нысанына айналады.

**Материалдар мен зерттеу әдістері**

Мақаланы жазу барысында әскери тұтқындардың жеке істерін объективті талдау әдісі, Польшадағы неміс концлагерьлеріндегі қазақстандық әскери тұтқындарды анықтау және зерттеу мәселесін зерттеудің тарихи дереккөзінің бір түрі ретінде, атап айтқанда, Штуттгоф концлагерінде тұтқынға алынған А. Белозаровтың жеке ісінің мысалында пайдаланылды.

Отандық тарих ғылымында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Польша аумағында орналасқан концлагерьлердегі қазақстандық әскери тұтқындар мәселесіне арналған тікелей зерттеулер жоқтың қасы. ҚР Ұлттық кітапханасының Әлем әдебиеті бөлімінде 2 архивтік материалға негізделген жинақ «Сообщение чрезвычайной государственной комиссии по установлению и расследованию злодеяний немецко-фашистских захватчиков и их сообщников. Об убийстве немцами советских военнопленных в районе города Остров-Мазовецкий в Польше» (Жинақ, 1947) және «Об убийстве немцами советских военнопленных в крепости Демблин (Иван-Город) и в некоторых других немецких лагерях на территории Польши: Док. и фотоснимки / Чрезвычайная Государственная Комиссия по установлению и расследованию злодеяний немецко-фашистских захватчиков и их сообщников» (Жинақ, 1948)

табылды. Соғыс біткен жылы арнайы комиссия Польша аумағында зерттеу жүргізді. Зерттеу барысында естеліктер мен құпия деп танылған құжаттар жинақтары жарияланды. Польша аумағындағы концлагерлердегі кеңестік әскери тұтқындардың тарихы туралы материалдар алғашқы құжаттар жинағы ретінде жарыққа шықты.

Мәселенің тарихи объективтілігіне қазақстандық және шетелдік архивтерден алынған көптеген мұрағаттық құжаттары, оның ішінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының архиві (Диск 4, Іс 1–11–58997) мен материалдар Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Польша аумағында концлагерьлерде болған қазақстандық әскери тұтқындардың зерттелу тарихнамасында негізгі шет елдік архив құжаттары, монографиялар, диссертациялар сонымен қатар зерттеу мақалалары және отандық зерттеушілердің еңбектері мен зерттеу жұмыстары болып табылады. Зерттеу мәселесін ашу үшін нақты тарихи, статистикалық, сыни талдау, баяндау, қорыту әдістері қолданылды.

**Талқылау**

Польша аумағындағы концлагерлердегі кеңестік әскери тұтқындардың тарихы туралы кейбір материалдар алғашқы құжаттар жинағы Неміс-фашистік басқыншылар мен олардың сыбайластарының зұлымдықтарын тергеу белгілеу жөніндегі төтенше Мемлекеттік комиссия жұмыстары жарияланды. «Сообщение чрезвычайной государственной комиссии по установлению и расследованию злодеяний немецко-фашистских захватчиков и их сообщников. Об убийстве немцами советских военнопленных в районе города Остров-Мазовецкий в Польше» (Жинақ, 1947). Бұл құжат жинағында аумақтағы концлагердің тарихы, кеңес әскери тұтқындардың түсуі, олардың режимі, жерленген жерлеріне сот-сараптамалық экспертизаларын жүргізілген құжаттар көрсетілді. Остров-Мазовецский қаласының 2 ауданы Гронды және Комарова мекенінде орналасқан концлагерьлердегі кеңестік әскери тұтқындардың санын 67 мыңнан жоғары екендігін анықтады. Оның ішінде нақты қазақ тұтқындарының болғандығы көрсетіледі «всех остальных людей делили на 3 группы по национальностям. В одной были русские, в другой – украинцы, в третьей – казахи...» (Акт, 9 б.). Аталған Варшава қаласынан 100 км солтүстік-шығыс аумақта орналасқан 2 ауданда, комиссия жұмысының нәтижиесінде неміс-фашистік басқыншыларының 67 мың кеңес әскерінің қасақана өлтіру фактісін анықтады. Бұл нәтиже барысында Остров-Мазовецский қаласы мен оның маңындағы іргелес ауылдардың 26 куәгер тұрғынынан сұхбат алу негізінде жұмыс жасалды. Жинақтағы берілген фактілер мен сандардың есебі нақты зерттеу нәтижесінде жүзеге асты. Арнайы комиссия жүргізген зерттеу шындыққа сәйкес келеді.

Екінші құжаттар жинағы «Об убийстве немцами советских военнопленных в крепости Демблин (Иван-Город) и в некоторых других немецких лагерях на территории Польши: Док. и фотоснимки / Чрезвычайная Государственная Комиссия по установлению и расследованию злодеяний немецко-фашистских захватчиков и их сообщников» (Жинақ, 1948 ж.). Жинақта Демблин бекінісіндегі бұрынғы неміс лагеріндегі зұлымдықтарды тексеру үшін арнайы комиссияны Польшаға іссапарға жіберген неміс-фашистік басқыншылар мен олардың сыбайластарының зұлымдықтарын анықтау және тергеу жөніндегі Төтенше Мемлекеттік Комиссияның материалдары келтірілген. Кеңес комиссиясы поляк комиссиясымен бірлесіп 1947 жылдың қазан айында тергеу жүргізді. Демблин бекінісіндегі «№ 307 Фронтшталагта», «№ 316 Шталагта», «№ 333 Шталагта» және Седлец қаласындағы лагерде 1941–42 жыл бойы неміс-фашистік басқыншылар аштық, азаптау, ату және улану жолымен, сондай-ақ инфекциялық ауруларды саналы түрде тарату жолымен 132 мыңнан астам кеңестік әскери тұтқындарды жойғаны анықталды. Аталған құжаттарды негізге ала отырып, Польша аумағында орналасқан концлагерьлерде қазақстандық азаматтардың болғаны белгілі. Олар туралы деректер Польша архивтерінде картотекалар негізінде көрініс тапқан.

Польша аумағындағы қазақстандық әскери тұқындар тарихы мен тағдыры турасында зерттеулер аз болғанымен, отандық тарихнамада біршама зерттеу жұмыстары бар. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы қазақстандық азаматтар туралы алғашқы еңбектердің бірі А. Нүсіпбековтың (Нусупбеков, 1947: 73–84), тарихшы Қ.С. Алдажұманов зерттеулерінде,

Т.Б. Балақаевтың мақалаларында (Алдажұманов, Балақаев, 1980: 113–124), Ж.Б. Абылхожин мен М.Қ. Козыбаев еңбектері бар (Абылхожин, 1997; Козыбаев, 1970).

Қазақстандық зерттеулерде әскери тұтқындар мәселесін қарау бойынша ҚР 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» негізінде алғашқы қадамдар жасалды. 1995 жылы Жеңістің 50 жылдығына Р.Н. Нұрғалиевтің «Боздақтар – книга памяти» (Нұрғалиев, 1995) томдық кітаптар желісі соғыс жылдарында із-түссіз кеткен боздақтарға арналған этюд-еңбек жарыққа шықты.

Сонымен бірге, 2007 жылы ғалым Г.К. Кокебаева «Официальная политика Германии и СССР по проблеме военнопленных (1918–1955 гг.)» докторлық диссертация жұмысы осы бағыттарды негіздеді . 2015 жылы ҚР Президенті Архиві «Екінші дүниежүзілік соғыстағы әскери тұтқындар» жобасын қолға алып, оның мақсатына әскери тұтқындардың бірыңғай республикалық мәліметтерін базасын құру болды. Жоба барысында tutkyn.kz (tutkyn.kz) республикалық базасын жасады. Мақсаты – кеңестік әскери тұтқындар тарихын зерттеу, қазақстандық әскери тұтқындардың тағдырын анықтау, ауқымды зерттеуді ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталған көп функциональды жүйені құру болды. Аталған сайтта 30 мыңнан астам тұтқын болған азаматттардың тізім жасалған.

Мерзімді баспасөз беттерінде Жас қазақ газетінде Қ.С. Алдажұмановтың «Тұтқындағы қазақ жауынгерлері» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Мақалада жалпы соғыс тұтқындары мәселесі көтеріліп, «Боздақтар» кітабын негізге ала отырып, тұтқыннан оралмағандар саны 7046 деп көрсетілген санды құптамайды. Хабарсыз кеткендер санын 271503 тұтқындар санын шамамен келетінен пікір білдіреді. Польша аумағындағы Ченстохово, Сувалки, Легионово лагерьлеріндегі жағдайды қарастырады. «Мысалы, Ченстхово лагеріне жинақталған 30 мың түркі мұсылман тұтқындарынан екі ақ мың қалған. Олардың бәрі сүзек пен басқа да аурулардан жаппай қырылған» (Алдажұманов, 2017: 11) – деген ақпарат келтіреді. Жалпы соғыс тұтқындарына герман жағының мақсаты оларды іскери мақсатта пайдалану идеясы болғанына назар аудартады.

2017 жылы «Тамұқтан тірі қайтқандар» жинағы жарыққа шықты. Кітапта Екінші дүниежүзілік соғыста неміс басқыншыларының тұтқынына түсіп, концлагерьлерде ауыр зардап шеккен Қызыл Әскерің сол кездегі атауы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жауынгерлерінің басынан кешкендері мен олардың кейінгі өмірлері туралы баяндайды.

2022 жылы ғалым Г.К. Көкебаева «Талқыға түскен тағдыр: түркістандық соғыс тұтқындары» монографиясы шықты. Монографияда екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі түркістандық соғыс тұтқындарының тарихы мен тағдыры зерттелген. Ұсынылған кітапта Германияның, Ресей, Польшаның архивтерінен алынған тың деректер негізінде жарияланды (Көкебаева, 2022).

Сонымен қатар, поляк зерттеушілерінің ғылыми еңбектері, оның ішінде аталған мәселені толық қарастырған бірден бір еңбек Ш. Датнер орыс тіліне аударылды. Еңбек «Преступления немецкого-фашисткого вермахта в отношении военнопленных во второй мировой войне» деп аталады (Датнер, 1963). Польшалық тарихшы және публицист, Польша аумағындағы нацистік қылмыстарды тергеу жөніндегі Орталық комиссияның мүшесі Шимон Датнердің ұсынылып отырған кітабы гитлерлік вермахт құжаттарына негізделген. Сонымен қатар, еңбектің V бөлімінде Польша аумағында орналасқан конлагерьлер мен кеңестік әскери тұтқындар турасында сөз қозғаған.

2021 жылы «Советские военнопленные во время Второй мировой войны на польских землях» атты поляк ғалымдарының зерттеулер жинағы жарық көрді. Ғалым Гжегож Мотыка «Трагедия советских военнопленных во время Второй мировой войны в польской историографии» атты зертеуінде польшалық зерттеуші В. Марчикке сілтеме бере отырып «В границах современной Польши находилось 77 таких лагерей» деп көрсетеді. (Мотыка, 2021: 23). Ең алғаш Польша аумағындағы кеңестік әскери тұтқындар мәселесін 1945 жылдан бастап «Комиссия по установлению и расследованию злодеяний немецко-фашистских захватчиков и их сообщников» атты құжаттарда жарияланды. Аталған құжаттар, кеңес азаматтары мен және басқа мемлекеттердің азаматтарына қатысты жасалған қатыгездік

ХХ ғасырдың ең ауыр тақырыптары болып қала беретінін көрсетеді. Себебі, барлық болған оқиғаларды экспертизалар жасаумен және куәгерлерді сұрай отырып акт жасалған. Осы тұста, тұтқын деген сөзге зерттеуші Полян: «Гражданами второго сорта, не вызывающими доверия репатриантами, чуть ли не диверсантами, – предателями с навсегда испорченными анкетами и листками учета кадров.» (Полян, 2002: 7) деп түсініктеме берді. Яғни, тұтқын соғыс жағдайында ұсталған адам немесе еркіндігінен айырылған, жағдайға тәуелді адам. Сонда, әскери тұтқын соғыс жағдайында тұтқынға түсіп, өз еркіндігінен айырылған адамдар тобы болды.

Автор мақалада Польша архивтерінен алынған әскери тұтқындардың жеке істері мен картотекаларын, тұтқында болған қазақстандық әскери тұтқындар туралы мәліметтер базасын құруға және олардың кейінгі тағдырларын зерттеуге тарихи дерек көзі ретінде қолданады. Мысал ретінде автор 1942 жылы Польша аумағында болған қазақстандық әскери тұтқын Белозаровтың жеке ісін келтіреді.

**Зерттеу нәтижелері**

